

**ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
АКАДЕМИЯСЫ**

2022-2023 оқу жылындағы қысқы емтихан сессиясы

**ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНА АРНАЛҒАН
әдістемелік нұсқаулық**

Алматы, 2022 ж.

МАЗМҰНЫ

1	Кіріспе	3
2	Аралық аттестаттауға арналған тапсырмалардың көлемі бойынша оқытушыларға арналған нұсқаулық	3-4
3	Тест тапсырмаларын құрастыру үшін оқытушыларға арналған нұсқаулық	4-11
4	Жазбаша жұмыс-эссе	12
5	Емтихан билеттерін рәсімдеу бойынша оқытушыларға арналған нұсқаулық	12-15
6	Практикалық емтихан-шығармашылық жоба, практикалық көрсетілім	16-17

1. КІРІСПЕ

Емтихан формасын таңдау

Емтихан формасын таңдау пән бойынша жоспарланған оқу нәтижелеріне тікелей байланысты. Емтихан формасы күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау міндетіне сәйкес болуы тиіс.

Емтихандар жазбаша, ауызша, тестілеу немесе аралас түрде өткізіледі.

Мысалы: егер оқытудың жоспарланған нәтижесі практикалық дағдыларды қалыптастыру болса (ән айту, аспапта ойнау, сурет салу және т.б.), бақылау формасы практикалық көрсетілімді таңдауы керек, тест бақылау формасы ретінде жарамайды.

Кесте.

Барлық емтихандар қатаң түрде емтихан кестесі бойынша өткізіледі.

Барлық білім алушылар мен оқытушылар емтихан кестесі туралы алдын-ала хабардар болуы тиіс, оған кафедралар мен факультеттер басшылары жауапты.

2. АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ ҮШІН ЕМТИХАН МАТЕРИАЛДАРЫН БЕКІТУ

Тапсырмалардың барлық түрлерінің мазмұны, бағалау талаптары мен критерийлері 1) кафедрада 2) Академиялық сапа жөніндегі кеңес отырысында тексеріліп (әрі қарай - АСЖК), талқыланады. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша сұрақтар Академияның Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

Талқылау нәтижелері кафедралар мен факультеттердің әрі қарай - АСЖК отырыстарының хаттамаларында тіркеледі.

Талқылаудан кейін емтихан сессиясының барлық тапсырмалары факультеттің Ғылыми Кеңесіне бекітуге ұсынылады. Бекіту тәртібі факультеттің Ғылыми кеңесі отырысының хаттамасында да тіркеледі.

Нысан бойынша бекітілген және толтырылған тапсырмалар мен сұрақтар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және тестілеу бөліміне (АКТЖТ) деректер базасына орналастыру үшін (қажет болған жағдайда, мысалы, тестілеуге арналған сұрақтар) факультеттің Ғылыми кеңесі төрағасының бекіткен грифімен және қолымен, кафедра меңгерушісінің және факультеттің АСЖК төрағасының қолымен, сондай-ақ оқытушының қолымен беріледі (кұрастырушы).

Барлық пәндер бойынша бақылау тапсырмалары, аралық аттестаттау сұрақтары, бағалау критерийлері пәндердің силлабустарында, сондай-ақ MOODLE-дегі «Хабарландыру» бөлімінде алдын ала орналастырылуы тиіс.

Емтихан уақытының ұзақтығы - емтихан формасына және топтардағы білім алушылардың санына байланысты.

Аттестаттау ведомосіне балл қою уақыты.

Бағалар емтихан аяқталғаннан кейін Platonus электрондық журналына 72 сағаттан кешіктірілмей емтихан ведомосына қойылуы тиіс.

Аралық аттестаттау нәтижелерімен келіспеген студент емтихан өткізілгеннен және журналға баға қойылғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляция бере алады.

3. ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ҚҰРАУ БОЙЫНША ОҚЫТУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ

Тест тапсырмаларын пән бойынша оқытушы/оқытушылар төменде көрсетілген тест құрау ережелеріне сәйкес дайындайды.

Бақылаудың тест түрі көбінесе дәріс түріндегі пәндерге сай келеді. Кредиттері дәріс және практикалық болып бөлінген пәндер бойынша тест түрін дәріс кредиттері көбірек пәндерге таңдауға болады.

Тесттер А4 форматта кітап бейнесінде, қарпі – Times New Roman, 12 кегель, сол жағынан – 3, оң жағынан – 1,5, жоғары жағы – 2, төменгі жағы – 2, жол аралық интервал – 1. Сұрақтар реттілігі «Жүйеге жүктеуге арналған тесттерді рәсімдеуге қойылатын талаптарда» көрсетілгендей таңбалармен нөмірленеді, *6-бетте көрсетілген*. Сұрақтар арасындағы интервал 1 шегініс (бос орын қалтырмай).

Тесттер «Тест сұрақтарын жазу үлгісі» формасында көрсетілгендей рәсімделеді, *10-бетте көрсетілген*.

Жоғарғы жағында ортасынан факультет, кафедра, пән, курс, оқу бағдарламасы, әзірлеушінің/әзірлеушілердің лауазымы, ғылыми дәрежесі, толық аты-жөні көрсетілуі тиіс. Құжаттың соңында – дереккөздер, оқулықтар, тестілеуге дайындалуға арналған әдебиеттер, сондай-ақ кафедра меңгерушісі мен факультеттің АСЖК басшысының қолы, оқытушы-әзірлеушінің қолы қойылады.

Тесттерді құрастырып, сәйкес рәсімдегеннен кейін кафедра меңгерушісі мазмұнының ғылыми сипаты мен зерттелетін материалға сәйкестігін, грамматикалық қателердің бар-жоғын тексеріп, бекітуі керек.

Тексергеннен кейін кафедра меңгерушісі тесттерді құрастыру әдістемесіне сәйкестігін, терудегі техникалық қателерді, құрылымының дұрыстығын, сұрақтар санының сәйкестігін тексеру үшін факультеттердің АСЖК мүшелеріне тапсырады. АСЖК төрағасы да тесттерді мақұлдайды. Осыдан кейін тесттер Platonus базасына орналастыру үшін Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және тестілеу бөліміне жіберіледі.

Сапалы тесттерді құрастырудың негізгі жүйелік ережелері.

Тест тапсырмалар жүйесінің бір ғана талаптарының орындалмауы тест құрастыруға мүмкіндік бермейді.

1. Тест жарамды болуы керек.
2. Тест жеткілікті дәрежеде күрделі болуы керек.
3. Тест объективті болуы керек.
4. Тест сенімді болуы керек.
5. Тест тұрақты болуы керек.
6. Тест масштабты болуы керек.

7. Тест репрезентативті болуы керек.
8. Тест күмәнсіз болуы керек.
9. Тест ғылыми болуы керек.
- 10.Тест қарама-қайшылықсыз болуы керек.
- 11.Тестілеу үздіксіз болуы керек.
- 12.Тесттер эволюциялық болуы керек.
- 13.Тестілеу тек білім деңгейін анықтауға ғана емес, сонымен қатар дағды деңгейін анықтауға да бағытталған.

Педагогикалық тестілеу мақсатындағы «Дағдылар» категориясының мазмұнын мынадай қабілеттіліктер бойынша жіктеуге болады:

- білімді меңгеру;
- тәртіп, алгоритм бойынша әрекет ету;
- негізгі жүйелік әдістерді (талдау, синтез жән т.б.);
- рационалды (оңтайлы) шешімдер қабылдау.

Тест тапсырмаларын құрастырудағы жалпы талаптар:

Тесттерге талаптар:

1. Білім берудің Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкестігі;
2. Тест тапсырмалары санының нақты оқу пәндерінің көлемі мен тарауларына сәйкестігі;
3. Тест тапсырмаларының базасында барлық формадағы тапсырмалар болуы керек.

2022-2023 оқу жылындағы Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰОА-ғы тест тапсырмалар санының нормалары.

1. Дәріс сабақтар бойынша: 2 кредитке – 160 тест сұрақтары, 3 кредитке – 200 тест сұрақтары, 4 кредитке – 220 тест сұрақтары, 5 кредитке – 250 тест сұрақтары.

2. Практикалық сабақтар бойынша: 2 кредитке – 60 тест сұрақтары, 3 кредитке – 80 тест сұрақтары, 4 кредитке – 100 тест сұрақтары, 5 кредитке – 130 тест сұрақтары, 6 кредитке – 150 тест сұрақтары.

3. Компьютерлік тестілеудегі тест тапсырмаларының саны 40 болуы керек. Тестілеу уақыты – 40 мин.

Тест тапсырмаларын құрастырудағы жалпы ұсыныстар:

Тест тапсырмасының нысаны танылатын, түсінікті және қосымша нұсқауларды қажет етпеуі керек.

Бір тестке енгізілген тапсырмаларды рәсімдеудің бірыңғай стилін сақтау қажет. Тест тапсырмалары мен жауаптарын толтыру ережелері электрондық деректер қорын толтыру талаптарымен белгіленеді және қатаң сақталуы тиіс.

Тест тапсырмасының мазмұны тексерілетін адамнан біржақты жауап алуға бағытталуы керек.

Тест тапсырмаларының негізгі шарттары анық және нақты белгіленуі керек.

Тест тапсырмасының мазмұны жеке автордың түсінігі мен пікірін білдірмеуі керек.

Тест тапсырмалары кез-келген оқу орындарының нақты білім саласы бойынша білім алушыларының оқу жетістіктерінің деңгейін бағалауға арналуы тиіс.

Тест тапсырмалары күрделі қысқаша пайымдаулар түрінде құрастырылуы керек. Тапсырмадағы сөз саны 10-12 сөзден құралып, тест құрылымы бұрмаланбайтындай болуы керек. Синтаксистік құрылым қарапайым, қос терістеу мен қайталаусыз болуы керек.

Тапсырманың негізгі бөлігіне тапсырма тұжырымдалған барлық сөздерді қосып, ал осы мәселе бойынша тірек сөздерді жауап ретінде беру қажет.

Бір тапсырманың барлық жауаптары шамамен бірдей ұзындықта болуы керек.

Тапсырма мәтінінен дұрыс жауапты таңдауға ықпал ететін сөздік ассоциацияларды алып тастау керек.

Тест тапсырмасы баяндау түрінде құрастырылуы керек.

Сұраулы сөздер (қалай, қандай, неге, т.б.) және бұйрық райдағы сөздер («көрсет», «анықта», «таңда») қолданылмайды.

Тапсырманың басында кілт сөзді немесе белгілі бір ерекше белгісін орналастыру ұсынылады. Тест тапсырмасын көмекші сөздер, жалғау немесе шылау арқылы бастауға болмайды.

Тест тапсырмасында сурет, формула, сызба, ноталар және басқа да түсіндірме нысандар болуы мүмкін.

Тест тапсырмасының мәтінінде ешқандай көмек сөздер мен сленг болмауы керек.

Жауапқа арналған орын барлық тест тапсырмаларына ортақ бірыңғай болу керек (көп нүкте, сызық, шаршы және т.б.).

Жауап нұсқаларын құрастырылған тапсырманың астына бір бағанға орналастыру керек. **Жауап нұсқалары бесеуден кем болмауы керек. Тек 1 дұрыс жауап болуы міндетті.**

Тест тапсырмаларының сипаттамасы мен мазмұны:

Тест тапсырмалары материалдың құрылымына қарай орналастырылып, тараулар бойынша топтастырылуы керек.

Тест материалында барлық формадағы тапсырмалар болуы керек (ашық, жабық, бір немесе бірнеше таңдауы бар, сәйкестік, тәртіп орнату).

Жүйеге жүктеуге арналған құжат ретінде тесттерді рәсімдеуге қойылатын талаптар

1. *.doc файлдар (Word 97-2003 құжат);

Берілген құжат келесідей рәсімделуі керек:

Құжат “<” және “>” үшбұрышты тырнақшалар арқылы берілген <question> деген арнайы тег сөзден кейінгі сұрақ мәтінінен басталып, келесі <variant> деген тег сөзге дейін жалғасып, ары қарай жауап тұжырымдары

кетеді. <Variant> тег жаңа жолдан қойылады. Әр жауап нұсқасы < variant > тегтен басталып, жаңа жолдан жазылады.

Мысалға,

<question> ... – ақпарат, оның қасиеттері, көрсету әдістері, жинау, өңдеу, сақтау және беру әдістері туралы ғылым

<variant>информатика

<variant>ақпарат

<variant>кибернетика

<variant>телекоммуникативтік технология

<variant>ақпараттық технология

Дұрыс жауапты әрдайым бірінші қою керек (мәліметтер базасында жауаптардың реті алгоритмге сәйкес автоматты түрде өзгереді).

Тест тапсырмаларын құрастырғанда бұны ескеру керек.

Тест тапсырмаларының жинағын құрастырған кезде оның нөмірін сұрақ мәтінінде емес, жауап нұсқаларында (А, В), С), ... немесе 1) нұсқаларының реттік әріптік белгісін жазу керек. 1), 2), 3), ...), себебі сұрақтарды импорттау кезінде нөмірлеу автоматты түрде жүреді.

Құжатты "Word 97-2003 құжаты" ретінде сақтау керек. Әзірге жүйе файлдардың тек осы түрін жүктеп алуды қарастырады.

Тест тапсырмаларының ашық нысанын құрастыру бойынша нұсқаулықтар

Тест тапсырмасымен ұсынылған талаптар бойынша сыналатын тұлғаның өзі тұжырымдаған қорытындыны талап етеді. Бір немесе бірнеше негізгі элементі жоқ толық емес мәлімдеме түрінде болады. Негізгі элементтердің бірі сан, сөз немесе сөз тіркесі болуы мүмкін.

Әрбір тапсырма орны арнайы түрде бөлінген тек бір толықтыруға арналуы керек;

Толықтыру үшін арналған бос орын білімі бақыланатын материал үшін ең маңызды болып табылатын негізгі элементтің орнына қойылады.

Бір тесттің барлық ашық тапсырмаларында қосымша-кілтсөз енгізуге арналған бос орын көлемі бірдей болуы керек;

Қосымшаларды тапсырманың соңында не болмаса соңына жақын орналастырған дұрыс;

Ашық тапсырма түрінің соңында өлшем бірліктері болса, ол сандық мән ретінде көрсетілуі керек.

Негізгі элементтің орнына бос орын немесе көп нүкте қойылуы тиіс. Енгізілетін мәндер тест тапсырушыға экраннан жақсы көрінетін осы бос орын немесе арнайы жазу жолында көрсетілуі керек.

Егер негізгі элементтердің саны біреуден көп болса және тест тапсырушы енгізген мәндер оның нақты орналасқан жерінде емес, қосалқы,

арнайы өрісте көрсетілсе, тестілеушінің әрекетін екіұшты түсіндірмес үшін бұл мүмкіндікті болдырмау қажет.

Негізгі элемент «нөл» (бос) болуы мүмкін.

Ашық типтегі тест түріндегі тапсырмалардың мысалдары:

<question> $b_2 + b_3 + m_3$ -тен тұратын акорд ... деп белгіленеді.

<variant>M₂

<variant>B_{5/3}

<variant>B₂

<variant>M₇

<variant>B_{6/5}

<question> Америка киноакадемиясының әлемге әйгілі жүлдесі ...

<variant>Оскар

<variant>Алтын пальма бұтағы

<variant>Алтын глобус

<variant>Ника

<variant>Алтын маска

<question> «Форрест Гамп» фильмінің режиссеры ...

<variant>Роберт Земекис

<variant>Стивен Спилберг

<variant>Милаш Форман

<variant>Квертин Тарантино

<variant>Вуди Аллен

Жабық формадағы тесттерге тапсырмаларды құрастыру бойынша нұсқаулықтар

Жабық формадағы тапсырма бір негізгі элементі бар толық емес тест мәлімдемесінен және біреуі ғана дұрыс болып табылатын көптеген рұқсат етілген қорытындылар жиынтығынан тұрады. Тестіленуші берілген жиынтықтан дұрыс қорытындыны анықтайды.

Тапсырма мәтінінде сөздегі кез келген екіұшты пікір мен түсініксіздік жойылуы керек;

Әртүрлі тапсырмалардағы дұрыс жауап үшін бірдей орын нөмірін таңдау жиілігі шамамен бірдей болуы керек немесе дұрыс жауап үшін орын нөмірі кездейсоқ таңдалады;

Барлық қайталанатын сөздерді тапсырмалардың негізгі мәтініне енгізу арқылы жауаптардан алып тасталады;

Жауаптарда «барлығы», «ешқайсысы», «ешқашан», «әрқашан» және т.б. сөздер қолданылмайды, өйткені олар дұрыс жауапты болжауға көмектеседі;

- бірінен соң бірі келетін жауаптар қателер қатарынан шығарылады;
- жауаптарда «тізімдегінің барлығы», «тізімдегілердің ешқайсысы емес» және т.б. сөздерді пайдалану ұсынылмайды, өйткені бұл дұрыс жауапты болжауға көмектеседі;
- тапсырманың барлық жауап нұсқалары дұрыс жауапты білмейтін тестіленуші үшін бірдей тартымды болуы керек;

- белгілі бір қосымша жағдайларда дұрыс жауапқа айналатын жартылай дұрыс жауап нұсқалары болмауы керек;
- бір тапсырманың жауабы тесттің басқа тапсырмаларының дұрыс жауаптарының кілті болмауы керек, яғни бір тапсырмадан алшақтатушыларды тесттің басқа тапсырмаларына жауап ретінде қолдануға болмайды;
- егер тапсырмада басқалармен қатар баламалы жауаптар болса, дұрыс жауаптан кейін бірден баламалы жауап бермеу керек, өйткені тестіленушінің назары осы екі жауапқа бағытталады;
- Барлық жауаптар құрылысы жағынан параллель және грамматикалық жағынан тест тапсырмасының негізгі бөлігіне сәйкес болуы керек.

Жабық формадағы тест тапсырмаларының мысалдары:

<question> А.С. Пушкин қаламынан шықпаған:

<variant>Ромео мен Джульетта

<variant>Дон Жуан

<variant>Борис Годунов

<variant>Капитан қызы

<variant>Евгений Онегин

<question> 1934 жылы Е.Брусиловскийдің осы операсының премьерасы болды

<variant>Қыз Жібек

<variant>Жалбыр

<variant>Айман Шолпан

<variant>Ер Тарғын

<variant>Амангелді

Тест түрінде тапсырмаларды құрастыру бойынша ұсыныстар (жауаптардың бірнеше таңдауы бар жабық нысан)

Ретке келтіруге арналған тапсырмалар

Тапсырма белгілі бір топтың біртекті элементтерінен және осы элементтерді ретке келтіру критерийінің нақты тұжырымынан тұруы керек.

Тапсырманың құрылымы әрқашан «Реттілік» немесе «Тәртіп» сөздерін қамтиды (осы сөздерді бірінші орынға қойған жөн).

Реттілік үлгі тапсырмаларының мысалы:

<question> Материктерді көлемінің кішісінен ең үлкен көлеміне қарай орналастырыңыз:

<variant>Австралия, Антарктида, Оңтүстік Америка, Солтүстік Америка, Африка, Евразия

<variant>Африка, Австралия, Антарктида, Оңтүстік Америка, Солтүстік Америка, Евразия

<variant>Антарктида, Австралия, Оңтүстік Америка, Солтүстік Америка, Африка, Евразия

<variant>Австралия, Антарктида, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, Африка, Евразия

<variant>Австралия, Антарктида, Оңтүстік Америка, Солтүстік Америка, Евразия, Африка

<question> Жауаптарды оқиғалардың хронологиялық ретімен белгілеңіз:

<variant> Бірінші дүниежүзілік соғыс, Ақпан революциясы, КСРО-ның құрылуы, ҚазАССР-дың құрылуы, ҚазССР-дың құрылуы;

<variant> Бірінші дүниежүзілік соғыс, КСРО-ның құрылуы, Ақпан революциясы, ҚазАССР-дың құрылуы, ҚазССР-дың құрылуы;

<variant> Ақпан революциясы, Бірінші дүниежүзілік соғыс, КСРО-ның құрылуы, ҚазАССР-дың құрылуы, ҚазССР-дың құрылуы;

<variant> КСРО-ның құрылуы, Бірінші дүниежүзілік соғыс, Ақпан революциясы, ҚазАССР-дың құрылуы, ҚазССР-дың құрылуы;

<variant> КСРО-ның құрылуы, Бірінші дүниежүзілік соғыс, Ақпан революциясы, ҚазССР-дың құрылуы, ҚазАССР-дың құрылуы.

Тест сұрақтарын рәсімдеу мысалы

**«Өнертану» факультеті
«Театртану» кафедрасы
«Қазақ театр өнерінің тарихы» пәні, 1 курс,
«Театртану» БББ
Құрастырушы – доцент, өнер.к. Жаксылықова М.Б.**

ТЕСТ

<question> 1934 жылы Е.Брусиловскийдің осы операсының премьерасы болды

<variant>Қыз Жібек

<variant>Жалбыр

<variant>Айман Шолпан

<variant>Ер Тарғын

<variant>Амангелді

<question> А.С. Пушкин қаламынан шықпаған:

<variant>Ромео мен Джульетта

<variant>Дон Жуан

<variant>Борис Годунов

<variant>Капитан қызы

<variant>Евгений Онегин

және т.б.

Әдебиеттер:

1. ...

2. ...

3.

Тексерілді және бекітілді:

Кафедра меңгерушісі

Т.А.Ә, қолы

Факультеттің АСЖК төрағасы

Т.А.Ә, қолы

Құрастырушы оқытушы

Т.А.Ә, қолы

4. ЖАЗБАША ЖҰМЫС-ЭССЕ

Жазбаша жұмыстар (эссе, экспликация) – пән бойынша жазбаша жұмыстардың тақырыптарының санын оқытушы, білім алушыларға таңдау үшін, пәннің мазмұны мен мақсаттарын, топтағы студенттер санын ескере отырып, дербес тағайындайды.

Жазбаша жұмыстардың тақырыптары кафедраларда және АСЖК отырысында талқыланып, бекітілуі керек.

Жазбаша жұмыстардың тақырыптары мен бағалау критерийлері студенттерге силлабустарда алдын-ала ұсынылуы керек, сонымен қатар MOODLE-де орналастырылуы керек.

Емтихандағы жазбаша жұмыстардың жауап парақтары кодтау рәсіміне жатады. Кодтауды кафедра оқытушысы болып табылмайтын арнайы тағайындалған үйлестіруші жүзеге асырады. Білім алушылар жауап парағында өз аты-жөндерін көрсетпейді, жазылған жұмыстарды тексеруді оқытушы «көзсіз» әдіспен жүзеге асырады.

5. ЕМТИХАН БИЛЕТТЕРІН РӘСІМДЕУ БОЙЫНША ОҚЫТУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ

1. Билет-бір жағынан бір немесе бірнеше сұрақтармен (тапсырмалармен) толтырылған және екінші жағынан таза қағаз құжат.
2. Оқу пәні бойынша емтихан билеттері СМЖ Ф017-1.60-2022 нысаны бойынша рәсімделеді. (*билет формасының үлгілері 14-15 беттерде көрсетілген*).
3. Билеттер саны емтихан тапсырушылар санынан кемінде екі есе көп болуы керек, 3-5 адамнан тұратын шағын топтарда кемінде 10 билеттен болуы керек. Билеттердегі сұрақтар қайталанбауы керек.
4. Оқу пәні бойынша емтихан билеттерін қайта пайдалануға жол берілмейді.
5. Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады (сұрақтардық ықтимал арақатынасы: 2 теориялық, 1 практикалық, кредиттердің бөлінуіне байланысты 1 теориялық). Емтиханға қойылатын сұрақтардың бірі тапсырма немесе кейс болуы мүмкін.
6. Сұрақтар оқу кезеңіндегі оқу бағдарламасының барлық материалдарын қамтуы керек.
7. Билеттегі сұрақтардың құрылымы емтиханға шығарылатын және білім алушыларға дайындық үшін ұсынылған сұрақтардың бекітілген тізбесінің құрылымы мен сәйкес келуі керек.
8. Сұрақтар кафедраларда және АСЖК отырысында талқыланып бекітілуі керек. (кафедра отырысының хаттамалары, факультеттің АСЖК). Бағалау сұрақтары мен критерийлері білім алушыларға силлабустарда алдын ала ұсынылуы, сондай-ақ MOODLE-де орналастырылуы тиіс.
9. Сұрақтардың құрылымы нақты, айқын және анықтамалық болуы керек, әртүрлі түсіндірулерге жол бермеуі керек.

10. Сұрақтың құрылымы тар мағынады болу керек.

11. Сұрақ етістікті қамтуы керек:

- Құрастырыңыз...
- Негіздеңіз...
- Айтыңыз...
- Көрсетіңіз...

Билет формаларының үлгілері.

Үлгі 1. Факультеттердегі емтихан сессиясының билеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.60-2022
	31.10.2022 ж.
	1 бет
Емтихан билеті	

Бекітемін

« _____ » факультетінің
Ғылыми кеңес төрағасы

№ _____ хаттама, « _____ » _____ 2022 ж.

Білім беру бағдарламасы: шифр, БББ атауы
0 курс, «пән атауы» пәні бойынша

№ 1 билет

- 1.
- 2.
- 3.

« _____ » кафедрасының меңгерушісі

_____ Аты-жөні

Кафедра отырысында талқыланып, бекітілді № _____ хаттама, « _____ » _____ 2022 ж.

Үлгі 2. Жалпы академиялық кафедраларға арналған емтихан сессиясының билеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Ф 017-1.60-2022
	31.10.2022 ж.
	1 бет
Емтихан билеті	

Бекітемін

Оқу және оқу-әдістемелік
жұмыс жөніндегі проректор
_____ Ш.А.Амирбеков
Академиялық Кеңестің № 0
хаттамасы, 00.00.0000 ж.

Білім беру бағдарламасы: шифр, БББ атауы
0 курс, «пән атауы» пәні бойынша

№ 1 билет

- 1.
- 2.
- 3.

« _____ » кафедрасының меңгерушісі

_____ Аты-жөні

Кафедра отырысында талқыланып, бекітілді № _____ хаттама, « _____ » _____ 2022 ж.

Үлгі 3. Факультеттер мен кафедралар үшін қорытынды аттестаттау билеті (қажет болған жағдайда)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ	Ф 017-1.49-2022
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ	31.10.2022 ж.
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	1 бет
Қорытынды аттестаттау билеті	

Бекітемін

Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор
Ш.А.Амирбеков
Ғылыми Кеңестің № 0
хаттамасы, 00.00.0000 ж.

Білім беру бағдарламасы: шифр, БББ атауы

№ 1 билет

- 1.
- 2.
- 3.

«_____» кафедрасының меңгерушісі _____ Аты-жөні

Кафедра отырысында талқыланып, бекітілді № _____ хаттама, «_____» _____ 2022 ж.

Үлгі 4. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан билеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ	Ф 017-1.49-2022
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ	31.10.2022 ж.
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	1 бет
Мемлекеттік емтихан билеті	

Бекітемін

Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор
Ш.А.Амирбеков
Ғылыми Кеңестің № _____ хаттамасы,
«_____» _____ 2022 ж.

«Қазақстан тарихы» пәнінен мемлекеттік емтихан

№ 1 билет

- 1.
- 2.
- 3.

«Қазақстан тарихы және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасының меңгерушісі

Алимжанова А.Ш.

Кафедра отырысында талқыланып, бекітілді № _____ хаттама, «_____» _____ 2022 ж.

6. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС - ПРАКТИКАЛЫҚ КӨРСЕТІЛІМ

1. Практикалық көрсетілімге тапсырмалар, әдістемелік ұсынымдар алдын ала жасалынып, сондай-ақ бағалау критерийлері кафедрада, АСЖК отырысында және факультеттің Ғылыми кеңесінде тексеріледі және бекіту рәсімінен өтеді;
2. Тексерілген және бекітілген тапсырмаларды силлабуста және «MOODLE» ҚББ пәннің «Хабарландырулар» бөлімінде орналастырады;
3. Практикалық көрсетілім аяқталғаннан кейін комиссия мүшелері баға қояды;
4. Оқытушы балдарды Platonus-ғы ведомостке енгізеді;
5. Қашықтықтан білім беру кезінде - оқытушы білім алушылармен және емтихан комиссиясының мүшелерімен байланыс орнату үшін кесте бойынша белгіленген уақытта ZOOM арқылы бейне конференцияға кіреді. Комиссия нақты уақыт режимінде практикалық көрсетілімді бақылайды; Талқылаудан кейін комиссия төрағасы бағаларды жариялайды; оқытушы бағаларды Platonus ведомосына қояды.

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОБА

1. Кесте бойынша емтихан күні оқытушы мен комиссия мүшелері білім алушылардың шығармашылық жобаларының қорғауын тыңдап, қосымша сұрақтар қояды.
2. Комиссия мүшелері білім алушыларға шығармашылық жобаны қорғауды аяқтағаннан кейін баға қояды;
3. Оқытушы балдарды Platonus-ғы ведомостке енгізеді;
4. Практикалық көрсетілім-тапсырмалар саны, көлемі, мазмұны, орындалу ұзақтығы кафедрамен дербес анықталады. Тапсырмалар саны, көлемі, бейне ұзақтығы және басқа да талаптар пән бойынша барлық білім алушылар үшін бірдей болуы тиіс, пән бойынша жоспарланатын оқу нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін бағалау үшін жеткілікті болуы тиіс. Тапсырмалар саны, көлемі, ұзақтығы және басқа да талаптар кафедрада талқыланып, бекітілуі тиіс (кафедра отырысының хаттамалары, факультеттің АСЖК). Практикалық көрсетілімге қойылатын талаптар мен бағалау критерийлері білім алушыларға алдын-ала берілуі керек (MOODLE-де орналастыру).
5. Шығармашылық жоба (бейне, аудио, мультимедиа, дизайн, графикалық жобалар, көркем шығармаларды көрсету және т.б.) – жобаға қойылатын техникалық және көркемдік талаптар, көлемі, сандық және сапалық көрсеткіштері кафедрамен дербес анықталады. Жобаға қойылатын талаптар пән бойынша барлық білім алушылар үшін бірдей болуы тиіс, пән бойынша оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін бағалау үшін жеткілікті болуы тиіс. Талаптар кафедрада талқылануы және бекітілуі тиіс (кафедра отырысының хаттамалары, факультеттің АСЖК). Шығармашылық жобаға қойылатын талаптар мен бағалау критерийлері білім алушыларға алдын-ала берілуі керек (MOODLE-де орналастыру).

**Барлық сұрақтар бойынша төменде көрсетілген лауазымды
тұлғаларға хабарласыңыз:**

ОӘҚ басшысы Джумадилова Ж.А. +77025485404

Оқу үдерісін ұйымдастыру және МҚ басшысы Турдалиева Б.К. +77475628211

Офис-тіркеуші бөлімінің басшысы Шомшекова А.А. +77015109775

Оқу процесінің мониторингі бөлімінің басшысы Абишова Д.У. +77772399340